

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қоры аумағында жеке тұлғалардың орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинау нормаларын және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін 2017-2019 жылдарға арналған төлемақысының ставкаларын бекіту туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы VI сессиясының № 138 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 қаңтарда № 4075 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман Кодексінің 42 бабының 3 тармағына және 14 бабының 2) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 506 бабының 1 тармағына және 510 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 10 бабы 1 тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Бекітілсін:

1) осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Қарағанды облысының мемлекеттік орман қорының аумағында жеке тұлғалардың орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинау нормалары;

2) осы шешімнің 2, 3, 4, 5 қосымшасына сәйкес Қарағанды облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары (сүректі түбірімен босату үшін ставкаларды қоспағанда);

3) осы шешімнің 6 қосымшасына сәйкес Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қарағанды облыстық мәслихатының 2004 жылғы 11 желтоқсандағы X сессиясының "Орманды пайдаланғаны үшін төлемақылар ставкасы туралы" № 146 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1664 болып тіркелген, 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 151 (20082) "Индустриальная Караганда" газетінде жарияланған).

2) Қарағанды облыстық мәслихатының 2004 жылғы 11 желтоқсандағы X сессиясының "Жергілікті мәндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану

үшін төлемақылар ставкасы туралы" № 147 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1663 болып тіркелген, 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 151 (20082) "Индустриальная Караганда" газетінде жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ш.А. Осин) және облыс әкімінің орынбасарына (Ш.Қ. Мамалинов) жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі басшысымен

_____ А. Ким

Г. Г. Прокоп

Р.Қ. Әбдікерев

Қарағанды облыстық мәслихаттың VI сессиясының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 138 шешіміне
1 қосымша

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қоры аумағында жеке тұлғалардың орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинау нормалары

№	Орман пайдалану мен ресурстардың түрлері	Бір адамның тегін жинау нормасы, килограмм
1	Жанама орман пайдаланудың жеке түрлерін жинау	
1.1	Жеміс және жидек	3
1.2	Саңырауқұлақтар	3
1.3	Қыналар	3
1.4	Орман төсеніші және жерге түскен жапырақтар	3
1.5	Қамыс	3
2	Дәрілік өсімдіктер және техникалық шикізатты жинау	
2.1	Шөптер	3
2.2	Гүлдер	3
2.3	Жапырақтар, сабақтар и өскіндер	3
2.4	Жемістер жидектер	3
2.5	Бүршіктер	1
2.6	Тамырлар	3

Ескертпе: жеке тұлғалардың, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатына жатқызылған өсімдіктер дүниесі объектілерін қоспағанда, жабайы өскен жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинау мақсатында мемлекеттік орман қоры аумағында тегін рұқсаттама құжаттарынсыз болуға құқығы бар.

Қарағанды облыстық мәслихаттың VI
сессиясының
2016 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 138 шешіміне 2-қосымша

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары (сүректі түбірімен босату үшін ставкаларды қоспағанда)

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қорында шайыр мен сүрек сөлдерін дайындау үшін төлемақы ставкалары			
№	Орман пайдалану түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары теңгемен
1	Мемлекеттік орман қоры телімдерін ұзақ мерзімге пайдалануда шайыр және сүрек сөлін дайындау		
1.1	Шайыр дайындау	гектар	6034
1.2	Сүрек сөлін дайындау	гектар	3017
2	Дайындалған шайыр мен сүрек сөлінің әрбір центнері үшін		
2.1	Шайыр дайындау	центнер	16665
2.2	Сүрек сөлін дайындау	центнер	2020

Қарағанды облыстық мәслихаттың VI
сессиясының
2016 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 138 шешіміне
3 қосымша

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары (сүректі түбірімен босату үшін ставкаларды қоспағанда)

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қорында екінші дәрежелі сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы ставкалары							
№	Ағаш-бұта тұқымдастарының атаулары	Қабықтар тонна үшін (АЕК)	Бұтақтар тонна үшін (АЕК)	Томарлар тонна үшін (АЕК)	Тамырлар тонна үшін (АЕК)	Жапырақтар тонна үшін (АЕК)	Бүрлер килограмм үшін (АЕК)
1	Қарағай	0,021	0,042	0,011	0,063	0,032	0,021
2	Шренке шыршасы	0,027	0,054	0,014	0,081	0,041	0,027
3	Сібір шыршасы, майқарағай	0,016	0,032	0,008	0,048	0,024	0,016
4	Самырсын	0,015	0,03	0,008	0,045	0,023	0,015

5	Балқарағай	0,023	0,046	0,012	0,069	0,035	0,023
6	Ағаш тектес арша	0,027	0,054	0,014	0,081	0,041	0,027
7	Емен, шаған	0,041	0,082	0,021	0,123	0,062	0,041
8	Жабысқақ қара қандыағаш, үйенкі, шегіршін, жөке	0,014	0,028	0,007	0,042	0,021	0,014
9	Сексеуіл	0,06	0,12	0,03	0,18	0,09	0,06
10	Қайың	0,016	0,032	0,008	0,048	0,024	0,016
11	Көктерек, ағаш тектес тал, терек	0,011	0,022	0,006	0,033	0,017	0,011
12	Грек жаңғағы, шекілдеуік жаңғақ	0,035	0,07	0,018	0,105	0,053	0,035
13	Өрік, аққараған, алша, долана, шие, жиде, шетен, алхоры, мойыл, тұт ағашы, алма ағашы, өзге де ағаш тұқымдастар	0,023	0,046	0,012	0,069	0,035	0,023
14	Ағаш тектес арша, самырсын	0,018	0,036	0,009	0,054	0,027	0,018
15	Жыңғыл	0,025	0,05	0,013	0,075	0,038	0,025
16	Сары қараған, бұта тектес талдар, шырғанақ, жүзгін, шеңгел және өзге де бұталар	0,012	0,024	0,006	0,036	0,018	0,012

Төлемақы мөлшерлемелеріне мынадай коэффициенттер қолданылады:

1) кеспеағаш аймағының жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан қашықтығына қарай:

10 км-ге дейін - 1,30;

10,1 - 25 км - 1,20;

25,1 - 40 км - 1,00;

40,1 - 60 км - 0,75;

60,1 - 80 км - 0,55;

80,1 - 100 км - 0,40;

100 км-дан астам - 0,30.

Кеспеағаш аймағының жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан қашықтығы кеспеағаш ортасынан жолға дейінгі қысқа аралық бойынша картографиялық материалдар бойынша айқындалады және жергілікті жердің бедеріне қарай мынадай коэффициенттер бойынша түзету жасалады:

жазық бедер - 1,1;

жоталы бедер немесе батпақты жер - 1,25;

таулы бедер - 1,5;

2) аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді жүргізу кезінде - 0,6;

3) басты мақсатта пайдалану үшін іріктеп ағаш кесуді жүргізу кезінде - 0,8;

4) сүректі 20 градустан жоғары беткейлі тау жоталарынан босату кезінде - 0,7.

Қарағанды облыстық мәслихаттың VI
сессиясының

2016 жылғы 12 желтоқсандағы

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары (сүректі түбірімен босату үшін ставкаларды қоспағанда)

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қорында жанама орман пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары			
№	Орманды жанама пайдалану түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары теңгемен
1	Шөп шабу		
1.1	жақсы	гектар	1654
1.2	қанағат (орташа)*	гектар	1240
1.3	нашар (төмен)*	гектар	965
2	М а л ж а й ы с ы ірі мал:		
2.1	түйе	бас	2895
2.2	Ірі мүйізді мал	бас	2316
2.3	жылқы	бас	2316
	ұсақ мал:		
2.4	ірі малдың төлі	бас	1158
2.5	есек	бас	1158
2.6	ешкі	бас	2027
2.7	қой	бас	579
3	Ара балұясын және омартаны орналастыру	балұя	1378
4	Аң өсіру мен марал өсіру	гектар	5525
5	Көкөніс өсіру, бақша өсіру және аңшылық шаруашылығы қажеттілігі үшін басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру	гектар	Қазақстан Республикасы Салық кодексімен анықталған жер салығы деңгейінде
6	Дәрілік өсімдіктер және техникалық шикізат		
6.1	жемістер, жидектер	килограмм	240
7	Орман ресурстарының жеке түрлерін дайындау		
7.1	жидектер	килограмм	440
7.2	саңырауқұлақтар	килограмм	330
7.2	қына	килограмм	1700
7.3	қамыс	килограмм	180

Ескертпе:

* - шөп шабудың өнімділігінің сапасы Орман орналастыру жобасының таксациялық сипаттамасы бойынша анықталады.

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары (сүректі түбірімен босату үшін ставкаларды қоспағанда)

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қорының телімдерін аңшылық шаруашылығы қажеттілігі үшін, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарына пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары			
№	Орман пайдалану түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары теңгемен
Ұзақ мерзімге пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)			
1	Мемлекеттік орман қоры телімдерін аңшылық шаруашылығы қажеттілігіне пайдалану	гектар	0
2	Мемлекеттік орман қоры телімдерін ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	гектар	689
3	Мемлекеттік орман қоры телімдерін рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану	гектар	5525
Қысқа мерзімге пайдалану (1 жылға дейін)			ЕАК төлемақы ставкасы
1	Мемлекеттік орман қоры телімдерін ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	адамнан әр күн сайын	0,1
2	Мемлекеттік орман қоры телімдерін рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану	адамнан әр күн сайын	0,1

Қарағанды облыстық мәслихаттың VI сессиясының
2016 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 138 шешіміне
6 қосымша

Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№	Орман пайдалану түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі теңгемен
Қысқа мерзімге пайдалану (1 жылға дейін)			ЕАК төлемақы ставкасы
1	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының телімдерін ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	адамнан әр күн сайын	0,1
2	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының телімдерін туристік және рекреациялық мақсаттар үшін пайдалану	адамнан әр күн сайын	0,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК